

## **Интеллектуалдық өнімдердің халықаралық саудасы: болмысы мен мәселелері**

Интеллектуалдық өнімдер – халықаралық саудаға және өндіріске пайдалыққа ие техникалық шешімдер. Олар заңды және жеке тұлғалардың лицензиялық келісімге келу арқылы белгілі бір мерзімге сәйкесінше сыйақы беріп, берілетін авторлық куәлікпен (патентпен) заңдастырылады. Лицензия – жеке және заңды тұлғаның қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаға интеллектуалдық өнімді, өнеркәсіптік үлгіні және тауар белгісін пайдалануға рұқсат беруші құрал. Лицензиялардың халықаралық саудасы дегеніміз экономикалық және әлеуметтік прогрессті тәуелдету үшін айырбастың басты әдісінің бірі. Қазіргі таңда лицензиялардың халықаралық саудасының жылдық көлемі 15 млрд. АҚШ долларын құраса, лицензияға негізделіп шығарылатын өнім құны – 300 млрд. АҚШ долларынан асады. Шетел заңдарына сәйкес ол елдерде интеллектуалдық өнімдер оны тапқан тұлға мен кәсіпорынның жеке меншігі болып есептеледі. Мұндай елдерде интеллектуалдық өнімдерді жеке меншікте қорғау патенттер арқылы, яғни арнайы құжаттар негізінде расталады. Ноу-хау айырбасы келісімі белгілі бір ерекшеліктерге ие: Екі жақ ноу-хауды пайдалану құқығын, оның құпиялығын қамтамасыз ететін конфиденциалдық келісім-шартқа қол қоюлары керек. Осы тұста экспортерлар мен импортерлардың мүдделері бөлінеді: импортерлар ноу-хау мазмұнын талдауға ұмтылады; Білім алмасу міндеттемесінің бүкіл кешенін толықтай талдайды; Экспортерлардың кепілдік міндеттемесі айырбастың жұмысы ақырына жеткізу және оның қазіргі заманғы техникалық деңгейі мен шешімділіктің қажеттік тазалығы ерекше өңделеді; Лицензияларды сату иелері арасында және патент пен ноу-хау тұтынушылары арасында жүзеге асады, мұнда делдалдарды да пайдалануға болады[1].

Лицензиялық келісімдердің бағасын белгілеу өте күрделі жұмыс, себебі лицензияның техникалық мәні қатаң жеке айрықшаланған және аналогиялық бәсекелес материалдарды табу сирек кездеседі. Лицензиялардың бағасын анықтауда келесі әдістері кеңінен таралған:

- Лицензиардың интеллектуалдық өнімдерді ойлап табуға жұмсаған шығынының мөлшері бойынша олардың бағасы белгіленеді;
- Өндеушіге минималды бағамен сату, егер одан төмен болатын болса сауда мақсатсыз болып табылады;
- Сатып алушының лицензияны қолдану кезінде алынуға мүмкін нәтижеге жету үшін қабылданған альтернативті шешімдеріне кеткен шығындар бойынша;

- Мәні бойынша интеллектуалдық өнімдерге жақын, лицензиялық келісімдерден бұрынырақ жасалған процеденттер негізінде[2].

Лицензиялық төлем сомасын лицензиат төлейді және бұл сома оның алатын қосымша пайдасының тек белгілі бір бөлігін құрауы тиіс. Халықаралық сауда тәжірибесіне негізделсек, лицензиялық төлем орташа шамамен пайданың жалпы сомасының 20-40%-н құрайды. Халықаралық инжиниринг – бұл маманданған инжинирингтік – кеңес беру фирмаларының, сондай-ақ өнеркәсіптік, құрылыстық және юасқа компаниялар көрсететін өндірістік, коммерциялық және ғылыми техникалық қызметтер кешенін ұсынатын қызмет түрі. Инжинирингті әр түрлі жобаларды жүзеге асыру капитал салымдары мен басқа да шығындар нәтижелерінің ең жақсысына қол жеткізу мақсатындағы интеллектуалды қызмет түрлерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Келісім бойынша инжинирингке жаңа объект құрылысына қажетті қызметтер мен жеткізулерінің толық жеткізу «кешенді инжиниринг» деп аталады. Оның өзі жеке келісім құралы бола алатын инженерлік-техникалық қызметінің жеке үш түрінен тұрады: консультативті инжиниринг, технологиялық инжиниринг, құрылыс немесе жалпы инжиниринг[3].

Инжинирингтік қызмет өндірістік қызметтің ерекше сферасы ретінде коммерциялық сипатқа ие болып, сату-сатып алу объектісіне айналды. Инжиниринг нарығында сату-сатып алу объектісі берілген айқын шарттарды қолдануға икемделу, дағдылану, жүйелену, дайындалу және ғылыми-техникалық, өндірістік, коммерцилық және басқа да білімдер мен тәжірибе алмасу қызметтері болып саналады. Бұл қызметтерді сол нарықта агенттіктер көптігіне байланысты алмастыра алады, ал қызмет құны қоғамдық олардың өндірісіне қажетті уақыт шығынымен анықталады. [4]

Халықаралық интеллектуалды өнімдерді қорғау саласында маңыздылары: 1883 жылы Париж конвенциясында қабылданған «Өндірістік меншікті қорғау» және 1886 жылы Берн конвенциясы жасаған «Әдеби және көркем шығармаларды қорғау» туралы реформасы, 1967 жылғы Стокгольм конвенциясы, 1994 жылы жасалаған Уругвай раундағы Марракештік пакеті. Бүкіләлемдік интеллектуалды меншік мекемесі (БИММ) халықаралық қызметте интеллектуалды меншіктің жиынтығы болып саналды. Интеллектуалдық өнімдерге қатысты ерекше құқықтарға арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің нормалары өзінің жиынтығы бойынша қазақстандық азаматтық құқықтың ерекше саласын құрайды. 10 шілде 1996 жылы қабылданған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Берн Конвенциясындағы «Әдеби және көркем шығармаларын қорғау туралы» Заңында көрсетілген кепілдіктерін қамтамасыз етеді. Интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау жүйесі қазіргі кезде ұлттық инфрақұрылымның құрамдас бөлігіне айналды. ХХІ ғасыр интеллектуалдық экономиканың ғасыры деп жорамалдауға негіз бар, соның негізін шығармашылық әрекеттері және оның құқықтық қорғаудың тіректі жүйесі

құрайды. Қазақстан Республикасы халықаралық мәдениет пен ғылыми-техникалық айналымға еніп, Дүниежүзілік Интеллектуалдық меншік ұйымына кіре отырып (ДИМҰ), әлемдік деңгейге сай қазақстандықтар мен шетелдік интеллектуалдық меншік иегерлерінің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуі қажет[5].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Мэггс П.Б., Сергеев А.П. Интеллектуальная собственность. — М.: Юристъ, 2000.
2. Бабенко В. Воровство как политика, Книжное обозрение, №7, 1995
3. Р. Тасболатов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті Азаматтық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының магистранты. «Заң» Астана: «Арай», 5/2004, 52 б.
4. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 26.07.1999, №456-І
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (ҚР-ның 2004 жылғы 11 мамырдағы №552-ІІ Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар) – Алматы: ЮРИСТ, 2004.309 б.

### **Түйін**

Нарықтық экономика, оны біртұтас жүйе ретінде алғанда, тұрақты да тоқтаусыз өзгеріп дамиды және күрделене түседі. Осы тұста интеллектуалдық өнімдердің маңызы зор. ХХІ ғасыр интеллектуалды жаңалықтар ғасыры десек қателеспейміз. Әлемдік жаһандану аясында интеллектуалдық өнімдердің де халықаралық айырбасы дамыды. Мақалада интеллектуалдық өнімдердің болмысы, халықаралық саудасы мен мәселелері қарастырылды.

### **Резюме**

Рыночная экономика, если рассматривать ее как единую систему, постоянно развивается и одновременно усложняется. В связи с этим мы полностью можем сказать, что ХХІ век – век интеллектуальных новостей. В процессе всемирной глобализации развивается и международный обмен интеллектуальных продуктов. Данная статья рассматривает сущность, международную торговлю и проблемы интеллектуальных продуктов.

### **Summary**

Market economy, when considered as an unique system is constantly evolving and getting complicated at the same time. In this regard, we are fully able to say that the 21 century is the century of intellectual news. In the process of globalization of the world the international trade of intellectual products also developed. This article is about the nature, international trade and the problems of intellectual products.